

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
«Alikhan Bokeihan University» білім беру мекемесі

**«Химия сабактарында күрделіленген есептерді шешу
жолдары мен интерактивті білім беру»
педагогтарының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру
бағдарламасы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі мұғалімнің міндеті оқушыларға білім беру, ал практикалық және жалпы білім беру дағдылары құру мен іс-әрекеттерінің кешенін қалыптастыру. Жалпы білім беретін мекемелерде қазіргі заманауи интерактивті оқыту жағдайында мұғалім мен оқушының ынтымақтастыры мұғалімнің диалог жүргізу, мөлшерлеу және т. б. білімі мен қабілеттің қамтиды оқушыға берілген дербестікті бағыттау, мақсат қоюға, оны жобалауға білім беру іс-әрекетінің негізі ретінде дамуға әкеледі.

Оқу үрдісінде ең жоғары сапалы қабылдау, химия сабактарында интерактивті оқыту, оқу материалының танымдық нәтижесінде пайда болады, барлық субъектілердің қарым – қатынасы мен өзара әрекеттесуі және оны қолдану мақсатын ашады. Осыған сүйене отырып, негізгі әдістемелік инновациялар бүгінде интерактивті оқытууды қолданумен байланысты, олар қазіргі заманауи ізденістерге негізделген.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламасы «Химия сабактарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» (бұдан әрі - Бағдарлама) мұғалімдерді (бұдан әрі – тыңдаушылар) оқытуға арналған жалпы орта білім беру ұйымдарының 7-11 сынып аралығындағы «Химия» пәні бойынша қарастырылады.

Бағдарлама тыңдаушылардың кәсіби деңгейін арттыруға, интерактивті оқытууды қолдану арқылы оқушыларды олимпиадаға даярлау үшін химия мұғалімдерінің құзыреттілігі мен оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Осы білім беру бағдарламасы бойынша тәмендегі қойылатын талаптарды айқындайды:

- жалпы білім беретін орта мектептердің химия мұғалімдерін даярлау мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланған орта білім беруге;
- педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға;
- педагогтердің білімін игеру деңгейіне;
- оқу жүктемесінің көлемі мен мазмұнына;
- оқу үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсаттарына;

- химия пәні мұғалімдерінің күрделенген есептерді шешу жолдары негізінде біліктілікті арттыру курсары шеңберінде.

«Alikhan Bokeihan University» ББМ университеттің жетекші оқытушылары «Қолданалы биология» PhD докторы Ашакаева Рысгүль Улыбаевна және «Қолданбалы биология» кафедрасының оқытушысы Кусамнова Айдана Болатбековна әзірледі. Бағдарлама Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары және жалпы орта білім беретін мектептерде химия пәнінен педагог кадрларды даярлауды реттейді.

Бағдарлама негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзіrlenген:

- Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты.
- Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 «Педагог» бекітілген кәсіби стандарты
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (11.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы бойынша соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, № 319-III 16.07.2023 ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының 27-ден бастап Заңы 2019 жылғы желтоқсан № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» (01.07.2023 ж. жағдай бойынша толықтырулардың соңғы өзгерістері)
- Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Министрдің Бұйрығы Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 ағарту «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы. Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қырқүйектегі № 399 бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы деңгейлерді таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курсарға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім жағдай бойынша соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып 19.07.2023 ж.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

Өзектілігі:

1. Олимпиадалық есептерді шешудің өзектілігі

Олимпиадалық және күрделі есептер стандартты мектеп бағдарламасынан тыс оқушылардың аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін

дамытады. Мұндай есептерді шешу әдістемесін менгеру мұғалімдерге дарынды оқушыларды анықтап, оларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыттауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл дағдылар мектеп бітірушілердің үлттық және халықаралық емтихандарға дайындығын жақсартады.

2. Құрделі химиялық есептерді шешу әдістерін менгеру
Бағдарлама аясында мұғалімдерге олимпиадалық есептердің негізгі түрлері (стехиометрия, термодинамика, кинетика, электрохимия, органикалық синтез, аналитикалық әдістер) бойынша жүйелі шешу тәсілдері ұсынылады. Әдістемелік құралдар мен арнайы алгоритмдерді қолдану арқылы есептерді оңтайлы шешу жолдары қарастырылады.

3. Интерактивті білім беру технологияларын енгізу
Қазіргі таңда оқытуда сандық технологиялар мен интерактивті құралдарды пайдалану маңызды рөл атқарады. Бұл бағдарлама мұғалімдерді онлайн платформалар, виртуалды зертханалар, химиялық симуляциялар және басқа да цифровық ресурстарды тиімді қолдануға үйретеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, материалды менгеру сапасын жақсартады.

4. Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен тәжірибе алмасу мүмкіндігі
Бағдарлама аясында мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, озық әдістемелерді менгеру арқылы өз сабактарын жаңа деңгейге көтере алады. Сонымен қатар, кәсіби даму трендтерімен танысып, білім беру сапасын жақсартуға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдерді игереді.

Осылайша, «Химия сабактарында құрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» бағдарламасы мектеп мұғалімдерінің олимпиадалық есептерді шешу дағдыларын жетілдіріп, заманауи оқыту технологияларын менгеруіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде химия пәнін оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың жоғары нәтижелер көрсетуіне ықпал етеді.

Бағдарламаның бағыты

«Химия сабактарында құрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» бағдарламасы оқушыларды химия пәнінде құрделіленген есептерді тиімді шешуге үйретуге және интерактивті оқу әдістерін қолдану арқылы білімді терең менгеруге бағытталған.

Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі құзыреттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған:

1. Математикалық және аналитикалық ойлау – химиялық құрделіленген есептерді шешу барысында қажетті математикалық дағдыларды (формулалар, теңдеулер, пропорциялар) пайдалану.
2. Проблемаларды шешу дағдылары – құрделі химиялық мәселелерді шешу үшін әртүрлі әдістерді қолдану және ойлау қабілеттерін дамыту.

3. Интерактивті оқу құралдарын қолдану – химия пәнін оқытудың интерактивті әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, пән мұғалімінің қызығушылығын арттыру.
4. Топтық жұмыс және коммуникативтік дағдылар – топпен жұмыс істей отырып, өз ойларын ашық және түсінікті жеткізе білу, бірлескен шешімдер қабылдау.
5. Критикалық ойлау және шешім қабылдау – химиялық тапсырмалар мен есептерді шешу барысында логикалық түрғыдан ойлау және дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту.
6. Өз бетімен жұмыс істеу – химиялық мәселелерді шешуде жеке жұмыс істей білу, білімді өз бетінше жетілдіру.

Жалпымемлекеттік басымдықтармен байланыс: Химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін дамыту бағдарламасы білім беру стандарттары мен педагогикалық практиканы қоса алғанда, бірқатар нормативтік актілерде көрсетілген Қазақстанның білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттарын қолдайды. Атап айтқанда, ол Қазақстанның Білім министрлігі бекіткен жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес келеді және мемлекеттік білім беру саясатының маңызды элементі болып табылатын білім беру сапасы мен мұғалімдердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған.

Әлемдік трендтермен байланыс: Әлемдік контексте цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістерді білім беру процесіне ықпалдастыру маңызды тренд болып табылады. Бағдарлама виртуалды зертханаларды, химиялық симуляторларды және онлайн-платформаларды пайдалану сияқты оқытудың заманауи әдістерін енгізе отырып, осы жаһандық үрдістерді ескереді, бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады және оқыту сапасын жақсартады.

Бағдарламаны тындаушылар химиядан күрделенген есептер шешуде практикалық тапсырмаларға белсенді қатысады, бұл материалды тереңірек игеруге және әріптестер арасында тәжірибе алмасуға ықпал етеді.

Білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру үшін бағдарламаны іске асыру қашықтықтан (online) оқытуды пайдалануды қоса алғанда, оқыту мен мониторингтің әртүрлі инерактивті оқыту технологияларына, нысандарына, тәсілдеріне, әдістеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасында орта білім беретін және кәсіптік оқыту жүйесінде біліктілікті арттыруды үйімдастыру мен өткізудің нәтижесінде, қазіргі заманауи әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту, мұалімдер мен мамандар өздерінің кәсіптік деңгейін жоғарлатуға, сонымен қатар білім сапасын арттырауға, бұл жалпы білім беру жүйесін жақсартуға оң әсер етеді.

Оқыту тілі: қазақ тілінде

2. ГЛОССАРИЙ

Білім беру бағдарламасы-оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үрдісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

Виртуалды конструкторлар - көрнекі және символдық модельдер химиялық және физикалық шындықты осы модельдермен эксперименттер.

Дифференциация – оқушылардың жеке қажеттіліктеріне, деңгейлеріне және оқу стилдеріне сәйкес тапсырмаларды бейімдеу әдісі.

Жаңа медиа құралдары – интернеттегі видеолар, қосымшалар, оқу платформалары арқылы білім алуды тиімді етуге мүмкіндік беретін ресурстар.

Кері байланыс-кез келген әрекетке немесе оқиғаға кері байланыс, жауап, жауап беру; басқа адамдардың мінез-құлқын өзгертуге (жақсартуға) арналған құрал.

Концептуалды карта –оқу процесінде химиялық ұфымдарды және олардың арасындағы байланысты көрсету үшін қолданылатын диаграмма немесе схема.

Қалдық заттар – химиялық реакциялардың нәтижесінде пайда болған қосылыстар мен элементтердің артық мөлшерін сипаттайтын термин.

Молекулалық динамика – молекулалардың қозғалысын, өзара әрекеттесуін және олардың уақыт өтүіне қарай өзгерістерін зерттейтін химиялық ғылым саласы.

Молекулалық құрылым – молекуланың атомдары арасындағы байланысты және олардың қеңістіктегі орналасуын сипаттайтын құрылым.

Оқытудың интерактивті технологиялары - оқытуды ұйымдастыруда тындаушылар міндетті түрде бір-бірімен өзара әрекеттесетін процесс .

Педагог - тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Педагогикалық қолдау – оқушылардың химияны түсінуіне көмек көрсету үшін мұғалімнің әртүрлі әдістерді қолдануы.

Проблемалық оқыту – химиялық есептерді шешу барысында нақты мәселелерді шешуге бағытталған оқыту тәсілі. Бұл әдіс өздігінен жұмыс істеуге, шығармашылықпен ойлауға ынталандырады.

Пікірталас- сабакта даулы мәселені талқылау.

Реакция жылдамдығы – химиялық реакциялардың қаншалықты жылдам жүретінін сипаттайтын көрсеткіш.

Симуляциялар – химия пәнінде интерактивті құралдар мен бағдарламалар арқылы химиялық процестерді виртуалды ортада көрсету.

Скринкастинг – экранды жазып, түсіндіру арқылы оқу материалдарын ұсыну әдісі. Бұл әсіресе химия есептерін шешу тәсілдерін көрсету үшін пайдалы.

Тәжірибелік зерттеулер – химиялық реакцияларды және заттардың қасиеттерін зерттеу үшін өткізілетін тәжірибелер. Мұндай зерттеулер теориялық білімдерін тәжірибе арқылы бекітуге, ұжымдық, бірін-бірі толықтыратын таным процесі.

Химиялық есептер – химия пәніндегі түрлі есептерді шешу, яғни химиялық реакциялар, заттың мөлшерін есептеу, химиялық теңдеулерді теңестіру, молекулалық құрылымдарды талдау сияқты тапсырмаларды шешу.

Химиялық теңдеулер – химиялық реакциялар кезінде заттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын жаңа заттар мен олардың санының арасындағы қатынастарды көрсететін мәтәқырыптикалық өрнектер.

Іскерлік ойын - мұғалімнің шешім қабылдаудың еліктеу әдісі немесе әр түрлі оқу жағдайларындағы әрекеттер.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Бағдарлама жаңашылдығы:

«Химия сабактарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» бағдарламасы – мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған заманауи бастама. Олимпиадалық есептерді шешу және оқушыларды жарыстарға дайындау үшін мұғалімдер жоғары әдістемелік дайындық деңгейіне ие болуы, сондай-ақ жаңа оқыту технологияларын менгеруі қажет. Осы бағдарламаның жаңашылдығы – химиядан күрделі есептерді шешудің тиімді әдістерін интерактивті оқыту технологияларымен ұштастырып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталуында.

«Химия сабактарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» бағдарламасының негізгі бағыттары:

- Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін жетілдіру, оқыту процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануға дағдыландыру;
- Күрделі және олимпиадалық есептерді шешу жолдарын үйрету, логикалық ойлау мен талдау қабілеттерін дамыту әдістерін менгерту;
- Интерактивті оқыту технологияларын енгізу, білім алушылардың белсенділігін арттыру және оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- Тындаушылардың пәндік білімін тереңдету, химиялық есептерді шешу дағдыларын дамыту және олардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын арттыру;
- Цифрлық құралдарды тиімді қолдану, онлайн-ресурстар мен бағдарламалық жасақтамалар арқылы интерактивті оқу материалдарын әзірлеу;

- Практикалық дағдыларды қалыптастыру, күрделі химиялық есептерді шешу әдістемелерін менгерту, оқу процесінде жобалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту.

Білім беру жүйесінде аналогтардың болуын/ болмауын талдау.

Химия пәнін оқытудағы қазіргі заманғы талаптар мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіруді қажет етеді. Қазіргі таңда мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламарын, салыстыратын болсақ, соның ішінде:

- Білім беру бағдарламасы, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсары «БІЛІМ» қайта дайындау және біліктілікті арттыру институты құрастырған (Қарағанды 2023ж) «Интерактивное обучение на уроках химии в условиях современного образования» қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымдарында химия пәні мұғалімдерін даярлауға арналған бағдарлама оқу қызметінде интерактивті оқытуды қолдану арқылы химия мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.
- «ОО Интеллектуальный центр инновационное образование» құрастырған «Развитие профессиональной компетентности учителя Химии в организациях образования (Костанай қаласы 2024ж.) мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламасы әдіснамалық және қазіргі химия мұғалімінің технологиялық құзыреттілігін оқытуға бағытталған.

Алайда, осы қарастырылған екі химия пәні мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру бағдарламалары тек әдіснамалық құзыреттілік пен қазіргі заманауи химияны оқытудың әдістеріне бағытталған. Сондықтан біз ұсынатын біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқушыларды олимпиадаларға дайындау және күрделі есептерді шешуге үйрету мұғалімдердің жоғары әдістемелік дайындық пен заманауи оқыту технологияларын игеруді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты **«Химия сабактарында күрделіленген есептерді шешу жолдары мен интерактивті білім беру» бағдарламасы мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама болып табылады.**

Бағдарлама тақырыбының мазмұны модульдер мен тақырыптардың атаулары, және қысқаша мазмұны 1 кестеде көлтірілген:

Кесте 1. Бағдарламаның тақырыптары мен қысқаша мазмұндары

| | |
|--|---|
| Диагностикалық тест тапсыру | Откізілетін тақырыптар бойынша кәсіби құзыреттіліктің бастапқы деңгейін бағалау |
| 1 Модуль: Қазіргі заманауи химия білімінің әдіснамалық негіздері | Тақырып 1.1. Білім беру жүйесіндегі стандарттар, нормативтік құжаттар, ресурстар және оқу-әдістемелік ресурстар Қысқаша мазмұны: - Білім беру стандарттары - бұл білім берудің |

мазмұнына, көлеміне және сапасына қойылатын талаптардың жиынтығы, білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, білім алушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге және білім беру кеңістігіндегі әділдікті орнатуға бағытталған

- Білім беру стандарттарының түрлері Қазақстан Республикасында білім берудің әрбір деңгейі үшін (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары) өз стандарты бекітілген.

- Білім беру ұйымдарының қызметінің тиімділігін арттыру.

Тақырып 1.2. Орта мектептегі химия курсының мақсаттары мен құрылымы

Қысқаша мазмұны:

- химияны практикалық қызметте қолдану үшін қажетті химиялық білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру.

- Орта мектептегі химия курсының негізгі мақсаттары бейорганикалық, органикалық химиялық талдау әдістері құрылымы

Тақырып 1.3. Білім берудегі заманауи химияны оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері

Қысқаша мазмұны:

- Оқытудың белсенді әдістерін қолдану: проблемалық оқыту, эксперименттер, case-study, пікірталастар, ойындар

- Оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, сабактарды жоспарлау және өткізу дағдыларын дамыту

- Оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын тиімді пайдалану.

Тақырып 1.4 Химияны оқытудың тиімділігін арттырудың әдіснамалық және педагогикалық әдістері

Қысқаша мазмұны:

- Химияны оқытуда педагогикалық әдіснамалық негіздер білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және педагогтардың ғылыми дүниетанымын дамытуға бағытталған.

- Оқытудың әдіснамалық принциптері, химия пәнін оқытуда әдіснамалық принциптер ғылымның мазмұнын терең түсінуді қамтамасыз ету. Бұл

| | |
|--|---|
| | <p>принциптерге: проблемалық оқыту, сарапап оқыту, жеке тұлғаға бағытталған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Химияны оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен технологиялар: жобалық әдіс, интерактивті оқыту, мультимедиялық құралдар пайдалану |
| 2 Модуль: Химиядан күрделі есептерді, соның ішінде олимпиадалық есептерді шешудің негізгі әдістері | <p>Тақырып 2.1 «Қышқыл және негіз ерітінділері» тақырыбы бойынша күрделіленген есептерді шығарудың тиімді жолдары</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қышқыл және негіз ерітінділердің түрлері және қасиеттері құрамындағы компоненттердің массалық үлесі, концентрациясы, тығыздығы, тұтқырлығы, температурасы. - Қышқыл және негіз ерітінділердің концентрациясын есептеу үшін келесі әдістер қолданылады: молярлық масса, көлем, масса, концентрация мен еріткіштің көлемін пайдалану. |
| | <p>Тақырып 2.2 Паралель жүретін реакция тендеулері бойынша есептерді шығарудың математикалық әдістері</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қоспалардың қасиеттері: құрамындағы компоненттердің қасиеттері, мөлшері, үйлесімділігі және бір-біріне әсері. - Қоспалардың концентрациясын есептеу үшін массалық үлесті және көлемдік қатынастарды пайдалану және математикалық есептеулері. - Массалық баланс арқылы қоспалардың құрамын өзгерту немесе белгіленген құрамды алу үшін қажетті компоненттердің мөлшерін есептеу. |
| | <p>Тақырып 2.3 Күрделі қоспа есептері, тендеу жүйесімен мольмен шығатын есептерді шешу жолдары (Олимпиада есептері)</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Массалық үлес — қоспадағы немесе ерітіндідегі белгілі бір компоненттің массасының жалпы қоспа немесе ерітінді массасына қатынасы.. - Қоспалардың немесе ерітінділердің құрамындағы белгілі бір компоненттің массасын есептеу үшін массалық үлес формуласын қолдану. - Массалық үлес пен көлем арасындағы байланысқа сүйеніп, күрделі есептерде компоненттерді және еріткіштерді дұрыс есептеу. |

| | |
|---|---|
| | <p>Тақырып 2.4 Олеумнің химиялық реакциялар мен стехиометриялық есептеулері және олеумді қолдану мен өндірістегі есептеулерді оқыту әдісі</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Олеум мен су арасындағы реакция тендеуі - Олеумнің металдармен және негіздермен әрекеттесуі - Реакция өнімдерінің шығымын есептеу - Өнеркәсіpte олеумді қолдану есептері және олеум өндірісіндегі шикізат мөлшерін есептеу - Күкірт қышқылды өндірісіндегі газдар көлемін есептеу |
| | <p>Тақырып 2.5 Олеумге арналған әртүрлі бағыттағы есептерді шығарудың әдіс-тәсілдері (концентрациясы және сұйылту есептері)</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Олеумнің массалық үлесін есептеу - Олеумді су қосу арқылы күкірт қышқылдына айналдыру - Қажетті концентрациядағы күкірт қышқылдын алу үшін су мөлшерін есептеу |
| 3 Модуль. Химия сабактарында заманауи технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану» | <p>Тақырып 3.1 Интерактивті әдістердің теориялық негіздерін қолданудың тиімділігі</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Интерактивті әдістердің анықтамасы және мәні, оқыту процесінде тыңдаушылардың белсенді түрде өзара әрекеттесіп, пікір алмасатын тәсілдер; - Интерактивті әдістердің педагогикалық негіздері - Интерактивті әдістердің негізгі түрлері: топтық жұмыстар, пікірталастар, симуляциялар, рөлдік ойындар, ми шабуылы (brainstorming), жобалау әдісі және т.б. <p>Тақырып 3.2 Химияны оқытудағы цифрлық технологияларды білім беру саласында қолдану</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Цифрлық технологиялар химия пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер химиялық процестер мен құбылыстарды визуализациялау, теориялық білімді тәжірибемен байланыстыру; - Цифрлық технологиялардың білім беру процесіндегі тиімділігі; - Цифрлық қуралдар арқылы химиялық |

| | |
|------------------------|--|
| | реакцияларды симуляциялау, виртуалды тәжірибелер өткізу, эксперименттер жасау және олардың нәтижелерін талдау |
| | <p>Тақырып 3.3 Практикада күрделіленген есептерді шығарудың тиімді жолдарын пайдалану</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күрделі есептер көбінесе шынайы өмірде кездесетін проблемаларды шешуге бағытталған оқу процесінде терең ойлауды, талдау, есептеу жүргізу; - Теориялық есептерді шешу, есептерді бағалау; - Шешімдерді тексеру, есепті бөлшектеп, сұрақтардың қайдан шыққанын және қандай әдістерді қолдану мүмкіндігін арттыру. |
| | <p>Тақырып 3.4 ЖИ практикалық жұмыстарда қолдану</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жасанды интеллект (ЖИ) практикалық жұмыстарда көптеген процестерді жеңілдетіп, тиімділігін арттыру; - ЖИ технологиялары өндеу, талдау және автоматтандыру; |
| | <p>Тақырып 3.5 Дөңгелек үстел жән топтық жұмыстарды ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дөңгелек үстел тыңдаушылардың еркін пікір алmasып, белгілі бір тақырыпта жүргізетін формат; - Дөңгелек үстелдің басты ерекшелігі тыңдаушылардың пікірлерін тұрақты түрде тыңдап, конструктивті сұхбат жүргізу; - Топтық жұмыстарда әрбір тыңдаушы өзінің жеке қабілеттерін, білімін және тәжірибесін қосу, жалпы міндетті орындау; - Топтық жұмыс арқылы ортақ пікір алmasып, бір-біріне көмек көрсету, проблемаларды шешу үшін әр түрлі жобалар ұсыну. |
| Корытынды тест тапсыру | Откізілген тақырыптар бойынша кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалау |

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТИН НӘТИЖЕЛЕРИ

Бағдарламаның мақсаты: Химия пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру, оқу бағдарламасына олимпиадалық және

күрделіленген химиялық есептерді шешу әдістерін енгізу, сондай-ақ интерактивті оқыту технологияларын қолдану арқылы тыңдаушылардың пәндік білімін тереңдету және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- Қазіргі заманғы интерактивті білім беру әдістерін менгерту, мұғалімдердің оқыту үдерісінде заманауи технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;
- Олимпиадалық және күрделі химиялық есептерді шешу әдістерін оқыту, мұғалімдердің есептерді жүйелі түрде талдау, модельдеу және шешу қабілеттерін жетілдіру;
- Жалпы орта білім беру мекемелерінде химия мұғалімінің кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды жетілдіру, заманауи әдістемелерді оқу процесіне енгізуге ықпал ету;
- Педагогикалық құзыреттілікті дамыту, мұғалімдердің оқытуудың әртүрлі формалары мен әдістерін менгеруіне қолдау көрсету;
- Оқу үрдісін ұйымдастырудың кәсіби дағдыларын қалыптастыру, оқу материалын құрылымдау, сабактарды тиімді жоспарлау және өткізу біліктерін арттыру;
- Химиядан күрделі және олимпиадалық есептерді шешудің тиімді жолдарын қарастыру, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді үйрету;
- Жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдануды менгерту, білім беруде жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқу сапасын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Олимпиадалық есептерді шешу әдістемесін менгеру, күрделі есептерді тиімді түсіндіру және оқушыларды жоғары деңгейдегі сайыстарға дайындау қабілеттерін дамыту;
- Заманауи жасанды интеллектті қолдану арқылы білім беруді жетілдіру, оқу процесінде сандық ресурстар мен интерактивті платформаларды тиімді пайдалану;
- Химия сабактарында интерактивті оқыту әдістерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу мақсаттарына қол жеткізу тиімділігін күшейту;
- Цифрлық және интерактивті оқыту тәсілдерін менгеру, білім беру процесін жаңғырту және оқушылардың нәтижелілігін арттыру.

Бағдарлама бойынша білуі және менгеруі керек:

1. Біліктілікті арттыру білім стандарттарын, зандар мен нормативтік құжаттарымен танысу және оларды білу;
2. Интерактивті оқытуудың теориялық және практикалық негіздерін білу;
3. Химия сабактарында заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудың жолдарын менгеру, оның ішінде цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті пайдалану;

4. Химиядан күрделі есептерді шешудің әдіс-тәсілдерін және бұл есептерді оқушыларға тиімді түрде түсіндіру әдістерін меңгеру;
5. Оқу процесінде оқытудың әртүрлі формаларын қолдану, интерактивті тапсырмаларды жасау, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін педагогикалық құралдарды пайдалану дағдыларын дамыту;
6. Оқытудың нәтижелілігін бағалау әдістерін білу және оны тәжірибеде қолдану.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы: Химия мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы білім беру сапасын арттыру және мұғалімдердің кәсіби дайындығын жақсарту үшін маңызды. Интерактивті оқыту және цифрлық ресурстарды пайдалану сияқты заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін енгізу оқушылардың пәнді қабылдауын айтарлықтай жақсартуға, олардың мотивациясын арттыруға және аналитикалық ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. **Бағдарламаның практикалық маңыздылығы мынада:**

1. **Педагогикалық құзыреттілікті дамытады.** Бағдарлама мұғалімдердің негізгі педагогикалық және әдістемелік дағдыларын дамытуға, соның ішінде интерактивті әдістерді тиімді қолдана білуге, күрделі химиялық мәселелерді шешуге, сондай-ақ заманауи цифрлық технологияларды білім беру процесіне біріктіруге бағытталған.
2. **Оқу сапасын жақсартады.** Виртуалды зертханалар мен модельдеу сияқты соңғы тәсілдерді қолдану материалды тереңірек игеруге және оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.
3. **Оқушыларды олимпиадалар мен емтихандарға дайындау.** Бағдарлама мұғалімдерге оқушыларды олимпиадалар мен конкурстарға қатысуға дайындауға көмектеседі, бұл оқушылардың жоғары дайындық деңгейіне және олардың ұлттық және халықаралық конкурстардағы табыстырылғына тікелей әсер етеді.

Оқыту нәтижелерінің мұғалімдердің жұмыс тәжірибесіне әсері

1. **Кәсіби біліктілікті арттыру.** Курстан өткен мұғалімдер өз тәжірибесінде бірден қолдана алатын жаңа білім мен дағдыларға ие болады, бұл олардың кәсіби өсуі мен мансаптық перспективаларын жақсартады.
2. **Оқу процесін жаңғырту.** Интерактивті оқыту әдістері мен цифрлық технологияларды енгізу білім беру процесінің тиімділігін арттырады, оны заманауи және оқушылар үшін тартымды етеді.
3. **Тәсілді даралау.** Бағдарлама оқу процесін дараландыруға ықпал етеді, мұғалімдерге оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл жекелендірілген және табысты оқуға ықпал етеді.

4. Тәжірибе және инновациялық әдістермен алмасу. Курстан өткен мұғалімдер алған білімдері мен әдістерін әріптеремен бөлісе алады, бұл мектепте химияны оқытудың жалпы тәжірибесін жақсартуға ықпал етеді.

Осылайша, бағдарлама шеңберінде алынған оқыту нәтижелері педагогтердің практикалық қызметіне тікелей оң әсер етеді, олардың біліктілігі мен оқыту тәсілдерін жақсартады, сондай-ақ мектептердегі жалпы білім деңгейін арттырады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМУНЫ

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны белгіленген мақсаттарға, міндеттерге және оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Бағдарлама логикалық өзара байланысты 3 модульден тұрады. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны курсың оқу-тақырыптық жоспарында көрсетілген (2-кесте)

Кесте 2. Біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабак тақырыптары | Теория лық | Тәжір ибелік | Тындау шылары лардың жұмыстары | Тест тапсы ру | Барлығы |
|---|--|------------|--------------|--------------------------------|---------------|---------|
| | Диагностикалық тестілеу | | | | 1 | 1 |
| 1 Модуль: Қазіргі заманауи химия білімінің әдіснамалық негіздері | | | | | | |
| 1.1 | Білім беру жүйесіндегі стандарттар, нормативтік құжаттар, ресурстар және оқу-әдістемелік ресурстар | 2 | | | | 2 |
| 1.2 | Орта мектептегі химия курсының мақсаттары мен құрылымы | 2 | 1 | | | 3 |
| 1.3 | Білім берудегі заманауи химияны оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері | 2 | 1 | | | 3 |
| 1.4 | Химияны оқытудың тиімділігін арттырудың әдіснамалық және | 2 | | | | 2 |

| | | | | | | |
|--|-------------------------------|----------|----------|--|--|-----------|
| | педагогикалық әдістері | | | | | |
| | Модуль бойынша барлығы | 8 | 2 | | | 10 |

2 Модуль : Химиядан құрделі есептерді, соның ішінде олимпиадалық есептерді шешудің негізгі әдістері

| | | | | | | |
|-----|--|-----------|-----------|-----------|--|-----------|
| 2.1 | «Қышқыл және негіз ерітінділері» тақырыбы бойынша күрделіленген есептерді шығарудың тиімді жолдары | 4 | 2 | 2 | | 8 |
| 2.2 | Паралель жүретін реакция теңдеулері бойынша есептерді шығарудың математикалық әдістері | 4 | 2 | 2 | | 8 |
| 2.3 | Күрделі қоспа есептері, теңдеу жүйесімен мольмен шығатын есептерді шешу жолдары (Олимпиада есептері) | 4 | 2 | 2 | | 8 |
| 2.4 | Олеумнің химиялық реакциялар мен стехиометриялық есептеулері және олеумді қолдану мен өндірістегі есептеулерді оқыту әдісі | 4 | 2 | 2 | | 8 |
| 2.5 | Олеумге арналған әртүрлі бағыттағы есептерді шығарудың әдіс-тәсілдері ((концентрациясы және сұйылту есептері) | 4 | 4 | 4 | | 12 |
| | Модуль бойынша барлығы | 20 | 12 | 12 | | 44 |

3 Модуль: Химия сабактарында заманауи технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану

| | | | | | | |
|-----|--|---|---|--|--|---|
| 3.1 | Интерактивті әдістердің теориялық негіздерін қолданудың тиімділігі | 2 | 2 | | | 4 |
| 3.2 | Химияны оқытудағы цифрлық технологияларды білім | 2 | 2 | | | 4 |

| | | | | | | |
|-----|--|-----------|-----------|-----------|----------|-----------|
| | беру саласында қолдану | | | | | |
| 3.3 | Практикада күрделіленген есептерді шығарудың тиімді жолдарын пайдалану | | 4 | 4 | | 8 |
| 3.4 | ЖИ практикалық жұмыстарда қолдану | | 2 | 2 | | 4 |
| 3.5 | Дөңгелек үстел жән топтық жұмыстарды үйымдастыру | | 2 | 2 | | 4 |
| | Модуль бойынша барлығы | 4 | 12 | 8 | | 24 |
| | Корытынды тестлеу | | | | 1 | 1 |
| | Жалпы | 32 | 26 | 20 | 2 | 80 |

МОДУЛЬДЕРДІҢ МАЗМУНЫ:

МОДУЛЬ 1: ҚАЗІРГІ ЗАМАНАУИ ХИМИЯ БІЛІМІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Модульдің өзектілігі:

Мектеп мұғалімдері (бұдан әрі – тындаушылар) үшін өзекті болып табылады, себебі білім беру жүйесінде (жалпы орта білім беру) заманауи химия білімінің әдіснамалық негіздерін үйымдастыру және сабак өткізу бойынша қажетті білім мен дағдыларды береді

Қазіргі жағдайда білім беру стандарттары мен нормативтік құжаттар білім беру үрдісінде үлken маңызға ие, себебі ол білім алушыларда практикалық дағдыларды, коммуникативті құзыреттіліктерді алуға көмектеседі және олардың кәсіби дағдыларын дамытады.

Тындаушылар білім беру стандартын және оқу процесін реттейтін зандар мен нормативтік актілер туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, баңдарлама тындаушылары оқушыларда химияны практикада қолдану үшін қажетті химиялық білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыру алады, бұл оларға оқушыларын болашақ кәсіби қызметке тиімдірек дайындауға көмектеседі.

Модульдің міндеттері:

- Мұғалімдерді білім беру стандарттарымен және оны үйымдастырумен таныстыру.
- Жалпы орта білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттар рөлі мен маңызын көрсету.
- Орта мектептегі химияны оқытумен байланысты мәселелерді қарастыру.
- Қазақстан Республикасындағы білім беру стандарттарын реттейтін негізгі зандар мен нормативтік құқықтық актілерді оқып үйрену.

- Жапы орта білім беру жүйесіндегі білім, білік және дағдыларға байланысты заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ережелерін талдау.
- Оқытуудың заманауи әдістері мен технологияларын тиімді пайдалануға қатысты заңнамаға ықтимал өзгерістер мен толықтыруларды қарастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Тындаушылар алған білімдері мен дағдыларын нормативтік құжаттарды және білім беру стандарттары туралы алған білімдері мен дағдыларын қолдана алады;
- Тындаушылар орта мектептегі химия курсының құзыреттілігін тиімді дамыту үшін дағдыларға ие болады;
- Тындаушылар білім берудегі заманауи химияны оқытуудың теориялық және әдістемелік негіздерін ескере отырып, білік және дағдылар жүйесін үйімдастыра алады;
- Тындаушылар химияны оқытуда жаңа тәсілдер мен әдістерді қолдана алады, бұл білім сапасын арттыруға және мамандарды дайындауға көмектеседі.

| Модуль тақырыптары | Оқыту сабактарының түрлері, оқыту әдістері және сағат саны | Негізгі мазмұны | Нәтижелер (бағаланған дағдылар) |
|--|---|--|--|
| Тақырып 1.1. Білім беру жүйесіндегі стандарттар нормативтік құжаттар, ресурстар және оқу-әдістемелік ресурстар | Интерактивті сабак | <p>Білім беру стандарттары, білім берудің мазмұны, көлемі және сапасына қойылатын талаптардың жиынтығы, білім беру жүйесінің тиімділігі, білім алушылардың құқықтары.</p> <p>Білім беру стандарттарының түрлері. Қазақстан Республикасында білім берудің әрбір деңгейі үшін (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі</p> | <p>Білім беру стандарттары, білім берудің мазмұны, көлемі және сапасына қойылатын талаптардың жиынтығы, білім беру жүйесінің тиімділігі, білім алушылардың құқықтары.</p> <p>Білім беру стандарттарының түрлері. Қазақстан Республикасында білім берудің әрбір деңгейі үшін (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,</p> |

| | | | |
|--|--------------------|---|--|
| | | орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары) бекітілген стандарты. | техникалық және кәсіптік, жоғары) бекітілген стандарты |
| | Формативті бағалау | Білім беру стандарттарын талдау және бағалау. білім беруді үйымдастыруды реттейтін негізгі зандар мен нормативтік актілер | Білім беру үйымдарының қызметінің тиімділігін арттыруды үйымдастыру. Үйым өкілдерімен байланыста болу. |
| | Талдау | Зерттеу нәтижелерін талдау (муғалімдер топтарының білім стандарттарының негіздері) | Білім берудің мазмұнын үйымдастырудағы білім мен дағдыны меңгеру дәрежесін бағалау. |
| Тақырып 1.2. Орта мектептегі химия курсының мақсаттары мен құрылымы | Интерактивті сабак | Талқыланатын тақырыптар: Орта мектептегі химия курсының негізгі мақсаттары; Бейорганикалық және органикалық химиядағы талдау әдістері құрылымы. | Химияны практикалық қызметте қолдану үшін қажетті химиялық білім, білік және дағдылар жүйесін түсіну. |
| | Талдау | Зерттеу нәтижелерін талдау (химия курсының мақсаттары мен міндеттері) | Оқыту және кәсіптік тәжірибе процесінде оқытуда орта мектептегі химия курсының негізгі құрылымы мен технологияларын тиімді пайдалану. |
| Тақырып 1.3. Білім берудегі заманауи химияны оқытудың теориялық және | Интерактивті сабак | Талқыланатын тақырыптар: Оқытудың белсенді әдістері. | Оқытудың белсенді әдістері негізін білу. Оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, сабактарды жоспарлау және өткізу дағдыларын дамыту. |
| | Формативті | Оқытудың белсенді | Тиімді қарым-қатынас |

| | | | |
|--|--------------------|--|---|
| әдістемелік негіздері | бағалау | әдістерін қолдану: проблемалық оқыту, эксперименттер, case-study, пікірталастар, ойындар | жасау және топта жұмыс істей білу. Ақпаратты талдау және негізделген шешім қабылдау қабілеті. |
| | Талдау | Зерттеу нәтижелерін талдау (заманауи химияны теориялық оқыту) | Оқыту және кәсіптік тәжірибе процесінде оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын тиімді пайдалану. |
| Тақырып 1.4 Химияны оқытудың тиімділігін арттырударды әдіснамалық және педагогикалық әдістері | Интерактивті сабак | Талданатын тақырыптар: Педагогикалық әдіснаманың мәні мен маңызы; Оқытудың әдіснамалық принциптері; Әдіснамалық негіздер мен инновациялық технологиялар. | Педагогикалық әдіснаманың мәні мен маңызы, оқытудың әдіснамалық принциптері, әдіснамалық негіздер мен инновациялық технологиялар білімін жоспарлау процесін білу. |
| | Талдау | Зерттеу нәтижелерін талдау (оқыту әдістері) | Курс барысында тыңдаушылар белсенділік пен талқылауларға, тапсырмаларға және практикалық жаттығуларға қатысуына қарай бағаланады. |

МОДУЛЬ 2. ХИМИЯДАН КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРДІ, СОНЫҢ ШИНДЕ ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ

Модульдің өзектілігі:

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары үшін «Химиядан күрделіленген есептерді шешудің негізгі әдістері» модулінің өзектілігі білім беру саласындағы мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігінде жатыр. Бұл модуль мұғалімдерге химиядан күрделілеген

есептерді шығару бағдарламаларын әзірлеудің заманауи әдістері мен технологияларын игеруге мүмкіндік береді, бұл білім беру сапасын арттыруға және оның заманауи талаптары мен стандарттарына сәйкес келуіне ықпал етеді.

Модульдің міндеттері:

- Тыңдаушыларды күрделіленген есептерге қойылатын талаптарды талдауды, мақсаттар мен міндеттерді анықтауды, күрделіленген есептер мазмұны мен құрылымын жоспарлауды қоса алғанда, оқу процесін жобалау әдістерімен таныстыру.
- Тыңдаушылардың құзыреттілігін анықтауды, бағдарлама құрылымын, оқу жоспары мен оқу модульдерін әзірлеуді қоса алғанда, күрделіленген есептерді шығару жолдарын үйрету.
- Ерітінділер, қосплар, массалық үлес, белгісіз заттың формуласын табуға арналған есептер, химиялық тендеулерлер, олеумға байланысты есептер тақырыптары бойынша күрделіленген есептерді шығару бойынша білім беру.
- Тыңдаушыларды ынталандыру, жаңа ортаға бейімделу, Жанжалдарды басқару және психологиялық сүйемелдеуді қоса алғанда, күрделіленген есептерді шығару аспектілерін есепке алуға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Кәсіби стандарттарды ескере отырып, күрделілеген септерді шығару жолдары жайлы терең білім мен практикалық дағдыларды алу.
- Күрделіленген есптерді шешуді ұйымдастыруды заманауи әдістер мен технологияларды қолдана білу.
- Білім беру саласындағы біліктілік пен кәсіби құзыреттілікті арттыру.
- Білім беру сапасын жақсарту және оның заманауи талаптары мен стандарттарына сәйкестігі.

| Модуль тақырыптары | Оқыту сабактарының түрлері, оқыту әдістері және сағат саны | Негізгі мазмұны | Нәтижелер (бағаланған дағдылар) |
|---|---|--|---|
| Тақырып 2.1 «Қышқыл және негіз ерітінділері» тақырыбы бойынша күрделіленген | Интерактивті сабак | Талқыланатын тақырыптар: Қышқыл және негіз ерітінділер түрлері және қасиеттері, ерітінділердің концентрациясына | Қышқыл және негіз ерітінділер тақырыбына арналған есептерді шешуге қойылатын талаптарды білу. |

| | | | |
|---|--------------------|---|--|
| есептерді шығарудың тиімді жолдары | | арналған есептерді шешу жолдары. | |
